

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

БАЙЛЫҚ-КЕДЕЙЛІК БИНАРЛЫҚ ОППОЗИЦИЯСЫ: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Стаття исследует бинарную оппозицию «богатство - бедность» с точки зрения культурно-познавательных особенностей в казахском и английском языках. Рассматриваются лингвистические средства, отражающие эти понятия в языковом сознании и определяющие их культурные особенности. Сравниваются метафорическое, символическое и контекстуальное использование понятий богатства и бедности в казахской и английской культурах.

В казахской культуре эти понятия основываются на национальном мировоззрении и традициях, в то время как в английском языке преобладают экономические и прагматические аспекты. Статья выявляет сходства и различия в восприятии богатства и бедности в разных культурах, а также раскрывает взаимосвязь языка и культуры.

Ключевые слова: богатство, бедность, бинарная оппозиция, культурные особенности, когнитивная лингвистика, казахский язык, английский язык.

Annotation. The article examines the binary opposition of "wealth - poverty" from the perspective of cultural-cognitive features in Kazakh and English languages. The linguistic tools that reflect these concepts in linguistic consciousness and define their cultural characteristics are analyzed. The metaphorical, symbolic, and contextual usage of the concepts of wealth and poverty in Kazakh and English cultures is compared.

In Kazakh culture, these concepts are based on national worldview and traditions, while in the English language, economic and pragmatic aspects prevail. The article reveals the similarities and differences in the perceptions of wealth and poverty across cultures, as well as uncovers the interrelation between language and culture.

Keywords: wealth, poverty, binary opposition, cultural characteristics, cognitive linguistics, Kazakh language, English language.

"Байлық-кедейлік" бинарлық оппозициясы — бұл антитезалық жұп, ол тек экономикалық категориялармен шектелмей, мәдени, әлеуметтік, философиялық және лингвистикалық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады. Бұл оппозиция әртүрлі қоғамдардың құндылық жүйесін, идеологиялық ерекшеліктерін және әлемдік көзқарасын көрсететін әмбебап концепт болып табылады.

Лингвистикада "байлық-кедейлік" оппозициясы тілдік санада қалыптасқан когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады. Ол адамның әлеуметтік жағдайын, материалдық және рухани игіліктерге қатынасын бейнелей отырып, тілдің лексикалық, фразеологиялық және мәтіндік деңгейлерінде көрініс табады [5].

Байлық-кедейлік оппозициясы келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Әлеуметтік мазмұн: Байлық пен кедейлік экономикалық теңсіздік пен әлеуметтік иерархияның айқын көрінісі ретінде қабылданады.

2. Мәдени кодтар: Әртүрлі мәдениеттерде байлық пен кедейлік ұғымдарына қатысты түсініктер мен көзқарастар ерекшеленеді. Мысалы, кейбір мәдениеттерде байлық жеке жетістік ретінде бағаланса, басқаларында ол моральдық құндылықтарға қарама-қайшы болуы мүмкін.

3. Фразеологиядағы көрініс: Қазақ және ағылшын тілдерінде бұл оппозиция көптеген мақал-мәтелдерде, идиомаларда және тұрақты тіркестерде бейнеленген. Мысалы, қазақ тілінде «Кедей байға жетсем дейді, бай құдайға жетсем дейді» деген мақал, ал ағылшын тілінде *"The rich get richer, and the poor get poorer"* тіркесі танымал.

4. Әдебиеттегі рөлі: Бұл оппозиция әдеби шығармаларда қарама-қарсы бейнелер мен сюжеттерді құру үшін жиі қолданылады. Мысалы, Бейімбет Майлиннің және Чарльз Диккенстің шығармаларында кедейлік пен байлықтың әлеуметтік және моральдық аспектілері терең зерттеледі [2]. Ал егер, осы саланы зерттеген ғалымдарға тоқталып өтетін болсақ, Лев Выготский тіл мен ойдың дамуы арқылы әлеуметтік [2] айырмашылықтардың когнитивтік әсерін қарастырса, ағылшын ғалымы Майкл Стаббс мәтіндердегі әлеуметтік құндылықтарды

зерттеумен айналысқан және корпус лингвистикасы мен дискурстық талдау бағыттарында өте танымал ғалым. Ол мәтіндер мен тілдің әлеуметтік контекстін зерттеу үшін компьютерлік құралдарды пайдалану бойынша жетекші мамандардың бірі [1].

Эдвард Сепир және Бенджамин Уорф жұмыстарына келсек тіл мен мәдениет арасындағы байланыс арқылы байлық-кедейлік ұғымдарының мәдениеттерде берілуін түсіндірген [3,4].

Сондай ақ қазақ ғалымдарын айтатын болсақ Жазира Қошанова қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикаға ерекше назар аударса [6], орыс ғалымы Светлана Куцый байлық пен кедейлік концептісінің лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеген.

Бұл оппозицияны талдау ұлттық сана мен тілдің өзара әрекетін, сондай-ақ олардың әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ және ағылшын тілдерінде **байлық** пен **кедейлік** ұғымдарының мәдени-танымдық ерекшеліктері екі ұлттың тарихи, әлеуметтік, философиялық және экономикалық көзқарастарынан туындайды. Бұл ұғымдар тек экономикалық жағдайды білдіріп қана қоймай, сол халықтың дүниетанымдық және құндылық жүйесін бейнелейді.

"Байлық-кедейлік" бинарлық оппозициясы – бұл адамзат тарихында терең тамыр жайған құбылыс, әр халықтың рухани, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін бейнелейтін әмбебап концепт. Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі бұл ұғымдардың көрінісі екі халықтың өмір сүру салты мен құндылықтарына тәуелді түрде қалыптасқан.

Байлық пен кедейліктің мәдени-танымдық көрінісінің екі тілде көрініс табуы, қазақ мәдениетіндегі ерекшеліктері: Байлық көбінесе мал-мүлікпен, жердің құнарлығымен және отбасының тұрақтылығымен байланысты; Кедейлік, керісінше, тек материалдық емес, рухани жұтандық немесе қоғамнан шеттету сияқты терең мағыналарға ие; Қазақ тілінде байлық пен кедейлік адамның рухани күйін сипаттайтын метафоралар ретінде де жиі қолданылады: **«Адамдықтың белгісі – мейірімді жүрек»** деп рухани байлықты дәріптейді.

Ал, ағылшын мәдениетіндегі ерекшеліктер: Ағылшын мәдениетінде байлық ең алдымен табыс, жеке жетістік, еңбектің нәтижесі ретінде қарастырылады;

Кедейлік кейде адамның өз күш-жігерінің жетіспеуінен туындаған жағдай ретінде сипатталады, бірақ бұл түсінік Викториа дәуірінде әлеуметтік әділетсіздік контекстінде қайта қаралды; Ағылшын тілінде байлықты уақытпен немесе біліммен теңестіру кең таралған: **“Knowledge is wealth”, “Time is money”**- деп уақытты да білімді де ақшы құндылықтарына әкеліп тірейді.

Танымдық ерекшеліктері қазақ тілінде танымдық тұрғыда байлық ұлттық ұғымдар арқылы беріледі: **алтын, байлық, қазына**. Бұл ұғымдар қазақ халқының табиғатқа жақын өмір сүру салты мен көшпелі мәдениетіне негізделген. **«Алтынды жерде өнеді, өнерлі елде өнеді»** – материалдық байлықтан жоғары рухани құндылықтарға назар аударылады. Танымдық тұрғыда ағылшын тілі байлықты тек материалдық қана емес, жеке қасиеттер мен мүмкіндіктер арқылы түсіндіреді.

“Success is not the key to happiness. Happiness is the key to success” – мұнда рухани байлық табысқа жетудің негізі ретінде көрініс табады.

Егер тарихи-мәдени негіздеріне сүйенсек қазақ мәдениетінде, дүниетанымында байлық көбінесе көшпелі өмір салтымен және табиғи ресурстармен байланысты болды. Мысалы, мал басының көптігі байлықтың басты көрсеткіші болған. Бұл ерекшелік көптеген мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде сақталған:

«Малы бардың бағы бар». Кедейлік, керісінше, мал-мүліктен айырылу, қауымдастықтағы төмен әлеуметтік мәртебе ретінде қарастырылған.

Ал, ағылшын мәдениетінде байлық көбінесе жер иелену және сауда арқылы анықталған. Ортағасырларда байлық әлеуметтік мәртебенің және білім алуға мүмкіндік беретін фактор ретінде қабылданды. Кедейлік рухани және материалдық жағдайдың төмендігі ретінде түсіндірілген, бірақ протестантизмнің ықпалымен байлықты еңбекқорлықтың нәтижесі ретінде қарау кең таралды. Оны мына бір мысалдан көрсек болады: **“God helps those who help themselves”**.

Лингвистикалық ерекшеліктеріне тоқталып өтсек қазақ тілінде байлық пен кедейлікке қатысты тұрақты тіркестер көбінесе әлеуметтік және философиялық ойды білдіреді: **«Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін, кедей болсаң, халыққа мейірің тисін»** — байлықтың әлеуметтік жауапкершілігі. **«Кедейдің күні кіжініспен өтеді»** — кедейліктің ауыртпалығын көрсетіп кетеді.

Ағылшын тілінде бұл ұғымдар көбінесе жеке жетістік пен қоғамдағы орынмен байланысты: **“Money doesn’t grow on trees”** — байлыққа оңайлықпен жете алмайтынды көрсетсе, **“The rich get richer, and the poor get poorer”** — әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді.

Мәдениеттің концептуализацияға әсері Қазақ халқы байлықты тек материалдық игілік ретінде ғана емес, рухани және адамгершілік байлық тұрғысынан да бағалаған. Бай адам елдің қамқоршысы, ал кедей адам еңбекқор және шыдамды деп сипатталады. Мысалы, **«Байлық – қолға ұстарға мал», «Адамның байлығы – рухани қазынасы»**.

Ағылшын мәдениетінде байлық көбінесе жетістік пен өрлеудің көрсеткіші ретінде қабылданады. Бұл қоғамдағы жеке тұлғаның еңбегі мен амбициясын дәріптейтін көзқарасқа негізделген. Оны мына мысалдан байқауға болады, **“Time is money”** — деп ағылшындар уақытты тиімді пайдалану байлыққа апаратынына сенеді.

Әдеби мысалдарда қазақ әдебиетінде көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің шығармаларында кедейліктің қоғамдағы теңсіздікті көрсететін құралы ретінде бейнеленуі **Шұғаның белгісі шығармасында** – рухани байлық пен адамгершілік кедейліктің қайшылықтарында орын алса, ағылшын әдебиетінде Чарльз Диккенстің шығармаларында кедейлік – индустриялық революция кезіндегі әлеуметтік теңсіздіктің символы ретінде бейнеленеді, **“A Christmas Carol”** шығармасында – байлықтың рухани және моральдық аспектілеріне назар аударады.

Мақал-мәтелдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарына келсек. Ұқсастықтары: Екі тілде де байлықты еңбекпен, ал кедейлікті шыдамдылықпен байланыстыратын мақал-мәтелдер бар.

- Қазақша: **«Еңбек түбі – береке»**.
- Ағылшынша: **“Hard work pays off”**.

Айырмашылықтары:

- Қазақ тілінде байлық көбінесе қауымдық және ұжымдық құндылық ретінде қарастырылса, ағылшын мәдениетінде ол жеке жетістіктің нәтижесі ретінде қабылданады және осы айырмашылық тілдік жағынан қарастырғанда бір – біріне туыстық қатысы жоқ екі тілдің ерекшеліктерін көрсетіп, дәлелдеп өтеді.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі байлық пен кедейліктің мәдени-танымдық ерекшеліктері ұлттық дүниетанымның, тарихи дамудың және әлеуметтік жағдайлардың көрінісі болып табылады. Қазақ мәдениетінде байлық ұжымдық жауапкершілікпен, ал ағылшын мәдениетінде жеке амбициямен тығыз байланысты. Бұл айырмашылықтар халықтардың тілдік санасында көрініс тауып, мәдени кодтардың бірегейлігін айқындайды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі байлық пен кедейлік ұғымдары халықтың мәдени және танымдық ерекшеліктерін айқындайды. Қазақ тілінде байлық ұжымдық және рухани құндылықтармен тығыз байланысты болса, ағылшын тілінде ол жеке жетістік пен прагматикалық көзқарасқа негізделген. Бұл айырмашылықтар халықтардың тарихи және әлеуметтік даму ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың ұлттық дүниетанымын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Michael Stubbs. Words and Phrases: Corpus studies of lexical semantics. Wiley-Blackwell, 288 pages
2. Выготский Лев Семенович. Мышление и речь. Изд. 5, испр. - Издательство 'Лабиринт', М., 1999. - 352 с.
3. Edward Sapir. "Selected Writings in Language, Culture, and Personality" (1949)
4. Benjamin Whorf. Language, thought, and reality. MIT Press, 1956 - 278 pages

5. Светлана Куций. Лингвокультурная специфика концептов «богатство» и «бедность» (на материале русского и английского языков). Диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук. Ставрополь – 2003. 211 с.

6. Ж.Қошанова. Қазақ тіліндегі «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009.

А.Ж. Кыйсыкова

магистр, аға оқытушы

Нархоз университеті

Қазақстан, Алматы қ.

САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Аннотация: В тексте речь о путях передачи терминов и понятий в современном политическом дискурсе, видах приемов, используемых для пропаганды идей и принципов, и факторах перевода текста в процессе перевода. Автор отмечает, что политический «политический язык», в свою очередь, представляет собой особый лексический стиль.

Abstract: The article is concerned with the terms and concepts of contemporary political discourse ways of transmission, factors and types of translation, approach to promotion of ideas and principles in translation. The author comes to conclusion that political language is a kind of lexical style. Also The article aims to clarify the extension of the concept «political discourse» and its structure; it analyzes its main approaches the place among other discourse types

Заманауи саяси мәтін, ең алдымен, логика мен аргументация арқылы аудиторияға әсер етуге қарағанда, эмоция мен экспрессия, апелляция (ұран тастау) жолдары арқылы ықпал етуге тырысады. Саяси мәтіндер жұртшылықтың эмоционалды әсерін туғызу үшін, әсіресе, бағалауыштық компоненттерді қолдануға көп көңіл бөледі. Белгілі бір ұжымның (нақтырақ айтсақ, биліктің) дайындаған саяси мәтіні биліктің саяси идеологиялық концептісіне негізделіп жасалатындықтан, ол да белгілі бір дәрежеде әлемнің көркем бейнесін тудыруға әрекет етеді.

Саяси мәтін қандай да бір идея мен қағидаларды (партия не диктатор, ағым, бағыт өкілдері тарапынан) насихаттауға бағытталатыны белгілі. Бұл мақсат жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі уақытта, дәлелдер мен тезистер, аргумент-мәліметтер мен логикалық мағлұматтар арқылы емес, көбінесе, ұран тастау, белгілі бір идеяға шақыру, үндеу арқылы жүзеге асырылады. Ал саясаткердің эмоционалдық қуаты экспрессивті синтаксис, стилистикалық құралдар арқылы, оның ішінде, әсіресе, метафора, эпитет, теңеу, тұрақты тіркес, риторикалық сұрау, ирония мен сарказм иірімдері арқылы беріледі. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетіндегі қаратпа формаларын (*ағайын, қадірменді жамағат, ардақты ағайын*), цитата мен аллюзия құралдарын қолдануы, сонымен қатар, ауызекі сөйлеу стиліне тән қолданыстар аз емес. Мұның барлығы саяси дискурстың психолингвистикалық, прагматикалық әдіс-тәсілдерінің тілдік қолданыстары, тілдік көріністері болып табылады.

Саяси тілдің негізінде ұғымдар мен идеялардың жиынтығынан тұратын идеология, дүниетаным, құндылықтар мен көзқарастар жатады.

Аударма теориясында түпнұсқа мәтіндегі стилистикалық құралдарды, стилистикалық жағынан маңызды лексикалық бірліктерді беру өзекті мәселе болып саналады. Мәтіннің стилистикалық коннотациясын жоймау үшін әрі мәтін прагматикасын, функционалды айырымдарын жеткізу үшін де мұндай стилистикалық құралдарды аударма тілге беру міндетті болып саналады. Мұндай жағдайда аудармашы бұл түпнұсқа кешенін беруде бірнеше таңдауларға ие бола алады. Біріншіден, аудармаға түпнұсқадағы стилистикалық тәсілдерді тура келбетінде көшіріп алып әртүрлі корреляциялық белгілеулер арқылы беруге де болады. Екіншіден, аудармашы түпнұсқаның экспрессивтік әсерін құртпау үшін әрі аударма тілдің стилистикалық, тілдік нормасын жоғалтып алмау үшін өзінің шығармашылық қуаты тұрғысынан әртүрлі стилистикалық құралдарды тудыра алады.